# Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2024 жылғы 23 қаңтардағы № 60 бұйрығы
.

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Құжаттардың сот сараптамасы" кәсіптік стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Сот экологиялық сараптамасы" кәсіптік стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу" кәсіптік стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сот сараптамасы" кәсіптік стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Сот-медициналық химия-токсикологиялық сараптама" кәсіптік стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Сот молекулярлық-генетикалық сараптамасы /зерттеуі" кәсіптік стандарты бекітілсін;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Сот портреттік сараптамасы" кәсіби стандарты бекітілсін;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Сот бейнефонографиялық сараптамасы" кәсіби стандарты бекітілсін;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Сот трасологиялық сараптамасы" кәсіби стандарты бекітілсін;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Сот баллистикалық сараптамасы" кәсіби стандарты бекітілсін;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Лакты бояу материалдарын, жабындар мен полимер материалдарын сот-сараптамалық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Металдар мен қорытпаларды сот-сараптамалық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Топырақты сот-сараптамалық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Талшықтық материалдар мен олардан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Спирт құрамды сұйықтықтарды сот-сараптамалық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Арнайы химиялық заттарды сот-сараптамалық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Әйнектен, керамикадан және силикат құрылыс материалдарынан жасалған бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес "Сот экономикалық сараптамасы" кәсіби стандарты бекітілсін;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес "Азық-түлік емес тауарларды сот-сараптамалық тауартану зерттеуі" кәсіби стандарты бекітілсін;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес "Азық-түлік тауарларын сот-сараптамалық тауартану зерттеуі" кәсіби стандарты бекітілсін;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес "Сот-сараптамалық автотауартану зерттеуі" кәсіби стандарты бекітілсін;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес "Сот-сараптамалық құрылыс-тауартану зерттеуі" кәсіби стандарты бекітілсін;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес "Сот құрылыс сараптамасы" кәсіби стандарты бекітілсін;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес "Сот өрт-техникалық сараптамасы" кәсіби стандарты бекітілсін;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес "Сот жарылыс-техникалық сараптамасы" кәсіби стандарты бекітілсін;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес "Сот-сараптамалық психологиялық-филологиялық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес "Сот-сараптамалық дінтанушылық зерттеу" кәсіби стандарты бекітілсін;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес "Сот-гистологиялық зерттеу" кәсіптік стандарты;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес, "Сот-биологиялық (медициналық), медициналық-криминалистикалық , сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сараптамалар, сот-жалпысараптамалық зерттеулер бойынша кәсіптік стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 27.12.2024 № 1062 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Әділет министрі* *А.Н. Есқараев*

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2024 жылғы 23 қаңтардағы
№ 60 бұйрығына
1-қосымша

## "Құжаттардың сот сараптамасы" кәсіптік стандарты

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес "Құжаттардың сот сараптамасы" кәсіптік стандарты әзірленді, ол әзірленді, ол құжаттардың сот сараптамасын жүргізу жөніндегі сот сарапшысының біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған және сот-сараптама қызметі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) жазба – қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтерді қамтитын құжат немесе жүзеге асырылған қызметтің расталуы верификацияның, ескертуші және түзетуші әрекеттердің жүргізілуінің куәлігін ұсыну және қадағалауын рәсімдеу үшін;

4) жазу мен қолтаңба сот-сараптамасының мәні – қолжазбалық құжаттарды, жазбалар мен қолтаңбаларды зерттеу кезінде арнайы ғылыми білімдердің көмегімен белгілі бір фактілерді, жағдайларды анықтау;

5) жазу мен қолтаңба сот-сараптамасының объектілері – қолжазба мәтіндері немесе олардың бөліктері, жазбалар (әріптік немесе сандық) және құжаттардың түпнұсқасындағы жазуды әдейі өзгертумен байланысты немесе байланысты емес, жазып отырған адамға үйреншікті немесе үйреншікті емес жағдайда орындалған қолтаңба;

6) сот-техникалық зерттеудің мәні – хат материалдарының ерекшеліктеріндегі және құжаттар деректемелерінің белгілеріндегі, оларды дайындау жағдаяттары, олардағы өзгертулерді енгізу тәсілдері туралы, сондай-ақ құжаттарды дайындау немесе оларға өзгертулер енгізу үшін пайдаланылған заттар мен материалдар туралы нақты мәліметтерді анықтау;

7) сот-техникалық зерттеудің объектілері – хат материалдарының қасиеттеріндегі және құжаттар деректемелерінің белгілеріндегі, оларды дайындау жағдаяттардағы нақты деректерді, олардағы өзгертулерді енгізу тәсілдері туралы, сондай-ақ құжаттарды дайындау не оларға өзгертулер енгізу үшін пайдаланылған заттар мен материалдар туралы анықтау;

8) сот автортану зерттеуінің мәні – құжаттың авторы мен оның мәтінін жасау жағдайы туралы нақты деректерді анықтау;

9) сот автортану сараптамасының объектілері – жазбаша сөздің әртүрлі стильдерінде орындалған құжаттардың мәтіндері (қолжазба, полиграфиялық және өзге де тәсілімен дайындалған құжаттардың мәтіндері), салыстырмалы зерттеуге арналған үлгілер.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

БА – Біліктілік анықтамалығы;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

## 2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Құжаттардың сот сараптамасы".

5. Кәсіптік стандарт коды: O84230.

6. ЭҚЖЖ сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

O – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

84 – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

842 – Мемлекеттің жалпы қоғамға қызмет көрсетуі;

8423 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет;

84230 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: осы стандарт "Құжаттардың сот сараптамасы" түрі бойынша сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігі бар сарапшыларға, оның ішінде "Құжаттардың сот сараптамасы" түрі бойынша лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғаларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ сот сараптамасы органының бөлім/бөлімше, сектор басшысына қойылатын талаптарды сипаттайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

1) бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

2) сот сарапшылары (жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеумамандығы бойынша) – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

3) сот сарапшылары (құжаттарды сот-техникалық зерттеу мамандығы бойынша) – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

4) сот сарапшылары (сот автортану зерттеуімамандығы бойынша) – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі.

## 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. "Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)" кәсіптік карточкасы | |
|---|---|
| Топтың коды | 1329-1 |
| Қызметтер атауының коды | 1329-1-028 |
| Кәсіп атауы | Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) |
| С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі | 6 |
| С Б Ш бойынша кіші деңгейі | – |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – |
| Кәсіптік білім деңгейі (мамандық) | Жоғары білім (6В042 құқық (құқықтану, халықаралық құқық), 6В053 физикалық және химиялық ғылымдар (физика), 6В023 тілдер және әдебиет (филология) |
| Формалды емес және информалды | Қажет етілмейді |

| | | |
|---|---|---|
| біліммен байланыс | | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бөлім/бөлімше басшысы<br>сектор басшысы | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Құжаттардың сот сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Бөлімше жұмысына басшылық ету; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | 1-дағды:<br>Бөлімшенің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлеу | Машықтар:<br>1. Бөлімшенің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жұмыс жоспарларын қалыптастыру, олардың орындалуын іске асыруға бақылауды жүзеге асыру;<br>2. Бөлімшенің мақсаттарын және оның осы мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштерін анықтау;<br>3. Бөлімше қызметіндегі негізгі тәуекелдерді және оларды жою немесе азайту әдістерін анықтау;<br>4. Бөлімше процестерінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау;<br>5. Өндірістік есептерді қалыптастыру. |
| | | Білімі:<br>1. Ұйымның стратегиясы/саясаты, мақсаттары, даму жоспарлары және басқа да нормативтік құқықтық құжаттары;<br>2. Менеджмент, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, ұйымдастырушылық даму саласындағы теориялық және практикалық білімдер;<br>3. Жоспарлау және әкімшілендіру негіздері.<br>4. Сараптама жүргізу туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері. |
| | | Машықтар:<br>1. Персоналдың жұмысына басшылық жасау, міндеттерді қалыптастыру және олардың орындауын қадағалау;<br>2. Өз құзыреті шегінде ұйымның басқа бөлімшелерімен және өзге де ұйымдардың өкілдерімен бөлімшенің тиімді өзара іс-қимылын жүзеге асыру;<br>3. Бөлімшенің материалдық-техникалық ресурстарға деген қажеттілігін анықтау бойынша талдау жүргізу. Зертхананы материалдық-техникалық жабдықтау мен жарақтандыруға өтінімдер жасау және ресімдеу;<br>4. Реактивтердің кірісін бақылау және олардың есебін жүргізу; |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Бөлімше жұмысына басшылық ету | 2-дағды:<br>Бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету | 5. Персонал қызметінің тиімділігін талдау және бағалау, орындалған жұмыс нәтижелері бойынша бағыныстыларға кері байланыс ұсыну;<br>6. Қызметкерлерді тиімді ынталандыру жүйесін әзірлеу. Жанжалды жағдайлардың алдын алу;<br>7. Бөлімшенің персоналға қажеттілігін айқындау, сондай-ақ олардың кәсіптік деңгейін ескере отырып, персоналды іріктеуді жүзеге асыру. Жаңадан қабылданған персоналды бейімдеу бойынша іс-шаралар әзірлеу;<br>8. Сот сараптамасы органы басшысының қарауына қызметкерлерді тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы ұсынымдар, оларды көтермелеу туралы немесе оларға жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізу;<br>9. Персоналды даярлауды, біліктілігін арттыруды іске асыруды қамтамасыз ету;<br>10. Бөлімше ресурстарын ұтымды пайдалануды, жабдықтар мен аспаптардың сақталуы мен жұмыс жағдайын қамтамасыз ету;<br>11. Нұсқамалықты өткізуді ұйымдастыру, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі , сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар жөніндегі нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормалардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері;<br>3. Еңбекті ұйымдастырудың нысандары мен әдістері;<br>4. Адами ресурстарды басқару, персоналды оқыту және дамыту тетіктері;<br>5. Персоналдың қызметін бағалау әдістері, қызметкерлерді ынталандырудың, олардың қатысу деңгейін арттырудың әдістемелері мен тетіктері;<br>6. Еңбекті ұйымдастырудың және басқарудың, еңбек заңнамасының негіздері; ішкі еңбек тәртібі қағидалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың, өндірістік санитарияның, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің талаптары;<br>7. Реактивтерді, тауарлық-материалдық құндылықтардың кірісін бақылау, оларды есепке алу және есептен шығару тәртібі;<br>8. Пайдаланылатын техникалық құралдарды пайдалану және оларға қызмет көрсету қағидалары. |
| | | Машықтар:<br>1. Жұмыс жоспар-кестелерінің орындалуын бақылау;<br>2. Құрал-сайманнның, аппаратура мен жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын, реактивтердің ұтымды қолданылуын (егер олар қолданылса), персоналдың қауіпсіздік техникасын қағидаларын сақтауын бақылау;<br>3. Сараптаманы жүргізу сапасын ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-дағды:<br>Бөлімше жұмыстарының орындалу барысын бақылау | 4. Сараптамалық қорытындыны сарапшының тәуелсіздігі қағидатын сақтай отырып, жүргізілген зерттеудің толықтығын, тұжырымдардың ғылыми негізділігін, алынған нәтижелердің дұрыстығын және сараптамалық қорытындыны ресімдеу сапасын тексеру;<br>5. Персоналдың лауазымдық міндеттерін, оның ішінде сот сараптамасы саласындағы әдеп қағидаттарын, ақпараттың құпиялылығын орындауын бақылауды жүзеге асыру;<br>6. Сарапшының қорытындыларын ішкі және сыртқы рецензиялау процесіне қатысу;<br>7. Сараптамалық қателіктердің алдын алуды жүргізу;<br>8. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Бөлімшеде қолданылатын жабдықтар мен аппаратураларды пайдаланудың негізгі технологиялық процестері мен ерекшеліктері;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеулер өндірісінің сапасын бақылауды ұйымдастыру қағидаттары;<br>3. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері;<br>4. Құпия қызметтік ақпаратты қорғау талаптары. |
| 2-еңбек функциясы:<br>Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | 1-дағды:<br>Сараптамаларды тағайындайтын органдармен сот сараптамаларын жүргізу бойынша өзара іс-қимыл | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптама тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есеп ұсыну;<br>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптама құнын есептеу жөніндегі тарифтер мен әдістер . |
| | 2-дағды:<br>Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу;<br>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері;<br>3. Сот экспертологиясы және криминалистика негіздері. |

| | | |
|---|---|---|
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу | Машықтар:<br>1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, құжаттардың сот сараптамасын дамытудың ағымдағы жай-күйі мен перспективаларын зерделеу және талдау;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;<br>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау.<br>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;<br>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;<br>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;<br>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілетін сынақтардың нәтижелерін талдау;<br>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;<br>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;<br>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;<br>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;<br>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;<br>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. |
| 1-ші қосымша еңбек функциясы:<br>Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік | | Білімі:<br>1. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамасы;<br>3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жарияланымдар нәтижелерінің мазмұнына және ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;<br>4. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары;<br>5. Ғылыми зерттеулер жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау бойынша әдістемелік материалдар. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігі мен олардың салдарына талдау жасау; |

| | | |
|---|---|---|
| жұмыстарға қатысу | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу | 2. Сот-сараптама қызметі нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;<br>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгеріс енгізу тәртібі, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді ресімдеудің тәртібі. |
| | 3-дағды:<br>Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді дайындауға, сот сарапшыларының біліктілігін арттыруға қатысу;<br>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;<br>3. Кадрларды даярлаудың, біліктілікті арттырудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеуге қатысу;<br>4. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;<br>5. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу;<br>6. Оқыту нәтижелерінің көрсеткіштерін және оның тиімділігін талдауды жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;<br>2. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;<br>3. Баяндамалардың, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;<br>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;<br>5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;<br>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары;<br>7. Оқыту шығындарын қаржыландыру тәртібі;<br>8. Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі есептілікті жасау тәртібі. |
| Ж е к е құзыреттерге қойылатын талаптар | Ұжымды басқару<br>Командалық жұмыс<br>Көшбасшылық қасиеттер<br>Стратегиялық және жүйелік ойлау<br>Нәтижеге бағдары/немесе сапаға бағдары | |

| | | |
|---|---|---|
| | Тиімді коммуникация дағдылары<br>Тұрақты өзін-өзі дамыту | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі | – | |
| С Б Ш шеңберіндегі б а с қ а кәсіптермен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптің атауы |
| | 7 | Басшы/басшының орынбасары |

| | | |
|---|---|---|
| 10. "Сот сарапшылары" кәсіптік карточкасы | | |
| Топтың коды | 2611-7 | |
| Қызметтер атауының коды | 2611-7-002 | |
| Кәсіп атауы | Сот сарапшылары | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 6 | |
| СБШ бойынша кіші деңгейі | – | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – | |
| Кәсіптік білім деңгейі (мамандық) | Жоғары білім (6В042 құқық (құқықтану, халықаралық құқық) | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бас сарапшы<br>жетекші сарапшы<br>аға сарапшы<br>"Жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеу" мамандығы бойынша лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлға | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Құжаттардың сот сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. "Жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеу" мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | | Машықтар:<br>1. Ұсынылған объектілердің, олардың санын сараптама тағайындау туралы қаулыда ( |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы:<br>"Жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеу" мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу | 1-дағды:<br>Келіп түскен сараптама/зерттеу объектілерін және іс материалдарын қабылдау және қарап-шығу | ұйғарымда) көрсетілген тізбеге сәйкестігін тексеру;<br>2. Сараптама/зерттеу объектілерінің бүліну, түрінің өзгеруін, ауыстырылу мүмкіндігін болдырмайтын және сақтау мен тасымалдау кезінде белгілері мен қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін олардың қаптамасының бүтіндігін тексеру;<br>3. Зерттеу объектісі туралы мәліметтерді толтырудың дұрыстығы мен жеткіліктілігін тексеру;<br>4. Зерттеуге түскен материалдар мен объектілерді тексеру актісін ресімдеу;<br>5. Сот сараптамасы объектілерінің бастапқы белгілері мен қасиеттерінің сақталуы және сараптама объектілерін сақтау мен қайтару қағидаларын сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптамалық зерттеуге ұсынылған заттай дәлелдемелер мен объектілерді алу, буып-түю, жолдау, тасымалдау тәртібі. |
| | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы (зерттеуі) материалдары мен объектілерін зерделеу | Машықтар:<br>1. Жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеудің мәнін, объектісі мен міндеттерін анықтау;<br>2. Ұсынылған материалдар мен зерттеу объектілерін зерделеу және сараптаманың шешуіне қойылған мәселелер бойынша олардың қорытынды беру үшін жарамдылығы мен жеткіліктілігін бағалау;<br>3. Сот сараптамасы объектілерін, олардың ерекшелігін ескере отырып сипаттау;<br>4. Сот сараптамасын (зерттеуін) жүргізу жоспарын жасау және сараптамалық зерттеудің міндеттерін, бастапқы деректерді ескере отырып, сараптамалық іс-қимылдардың дәйектілігін айқындау;<br>5. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелерін және/немесе әдістерін таңдау;<br>6. Сараптама тағайындаған органға қолдаухат ресімдеу;<br>7. Сараптама объектілерін тіркеу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдану;<br>8. Жазбаларды ресімдеу. |
| | | Білімі: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және / немесе әдістері, жазу мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеу саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер;<br>4. Жазутану сараптамасының объектілері және олардың түрлері<br>5. Жазу мен қол қою белгілері, оларды жүйелеу негіздері;<br>6. Сот-жазутану сараптамасын тағайындау кезінде материалдарды дайындау мен ресімдеудің негізгі ережелері;<br>7. Сараптамалық және арнайы зерттеулерді тағайындау мен жүргізу тәртібіндегі айырмашылықтар. |
| | 3-дағды:<br>Сот-сараптамалық зерттеуді жүргізу | Машықтар:<br>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелеріне және/немесе әдісіне сәйкес сот-сараптамалық зерттеулер сынама дайындауды жүргізу;<br>2 Құрал-сайманды, аспаптар мен жабдықты дұрыс пайдалану;<br>3. Зерттеу жүргізу кезінде өндірістік орта жағдайларын (температураны, ылғалдылықты) бақылау;<br>4. Сот-сараптамалық зерттеулердің сапасын бақылауға қатысу;<br>5. Жазбаларды жүргізу және рәсімдеу;<br>6. Санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты сақтау. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері;<br>3. Сот-жазутану сараптамасының процестік және ұйымдастырушылық негіздері;<br>4. Сот-сараптамалық зерттеудің кезеңдері;<br>5. Қолжазба белгілерін жүйелеу негіздері. Қолжазбаның жалпы және ерекше белгілері;<br>6. Құрал-сайманды, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану тәртібі;<br>7.Сот сараптамаларын/зерттеулерін жүргізу барысында объектілерді тіркеуге және зерттеуге арналған ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер, сот фотосуреті, |

| | | |
|---|---|---|
| | | бейнетүсірілім, фотокестелерді, сызбаларды, диаграммаларды және т.б. жасау тәртібі;<br>8. Зерттеу жүргізу кезіндегі өндірістік орта жағдайлары (температура, ылғалдылық);<br>9. Жазбаларды жүргізу тәртібі;<br>10. Еңбек қорғау, қауіпсіздк техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі нұсқаулары, ережелері мен нормалары, сондай-ақ санитарлық- эпидемиологиялық талаптар;<br>11. Ішкі нормативтік құжаттар, лауазымдық міндеттер. |
| | 4-дағды:<br>Сот сараптамасы (зерттеуі) нәтижелерін түсіндіру/өңдеу | Машықтар:<br>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес зерттеу нәтижелеріне талдау, бағалау және өңдеу жүргізу;<br>2. Зерттеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалауды жүргізу;<br>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерін түсіндіру/өңдеу және тұжырымдарды қалыптастыру;<br>4. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу бойынша жазбаларды жүргізу және ресімдеу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері;<br>2. Өлшеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалаудың жалпы ережелері;<br>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерінің анықтығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдері мен критерийлері;<br>4. Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндіру тәртібі мен ережелері;<br>5. Зерттеулер нәтижелері есептерінің жазбаларын жүргізу, талдау, бағалау және өңдеу тәртібі. |
| | 5-дағды:<br>Сарапшының (маманның) қорытындысын ресімдеу | Машықтар:<br>1. Сарапшының (маманның) қорытындысын немесе қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаны ресімдеу;<br>2. Бақылау өндірісінің материалдарын қалыптастыру. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2. Сарапшы қорытындысын, оның құрылымдық (кіріспе, зерттеу, синтездеу, тұжырымдар) бөліктерін жасау тәртібі. Сарапшы қорытындысы тұжырымдарының нысандары;<br>3. Құжаттауды, мұрағаттауды білу. |
| 2-еңбек функциясы:<br>Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | 1-дағды:<br>Сот сараптамалары өндірісін тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптаманы тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есепті ұсыну;<br>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман/сарапшы ретінде қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптама құнын есептеу бойынша тарифтер мен әдістер;<br>3. Сот сарапшысының процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу нысандары. |
| | 2-дағды:<br>сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу;<br>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот экспертологиясы және криминалистика негіздері;<br>3. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері. |
| | | Машықтар:<br>1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, жазу мен қолтаңбаны |

| | | |
|---|---|---|
| | | сот-сараптамалық зерттеулерің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу ;<br>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау;<br>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;<br>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;<br>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;<br>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілген сынақтардың нәтижелерін талдау;<br>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;<br>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;<br>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;<br>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;<br>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;<br>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытыуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. |
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу | |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері; |

| | | |
|---|---|---|
| 1-қосымша еңбек функциясы .<br>Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу | | 3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау әдіснамасы;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны мен нәтижелерін ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;<br>5. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары. |
| | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу | Машықтар:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігіне және олардың салдарына талдау жасау;<br>2. Сот-сараптама қызметі нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;<br>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу тәртібі, сондай-ақ ресімдеуге қойылатын талаптар. |
| | 3-дағды:<br>Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға қатысу | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді кәсіптік даярлауға, сот сарапшыларын даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу;<br>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;<br>3. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;<br>4. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;<br>3. Баяндамалардың, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;<br>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;<br>5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;<br>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары. |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар | Командалық жұмыс<br>Аналитикалық және жүйелік ойлау<br>Стреске төзімділік<br>Сапаға бағдары<br>Шешім қабылдау кезіндегі дербестік<br>Тиімді коммуникация дағдылары<br>Тұрақты өзін-өзі дамыту | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі | – | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптің атауы |
| | 6 | Бөлім/бөлімше, сектор басшысы |
| | 7 | Басшы/басшының орынбасары |
| 11. "Сот сарапшылары" кәсіптік карточкасы | | |
| Топтың коды | 2611-7 | |
| Қызметтер атауының коды | 2611-7-002 | |
| Кәсіптің атауы | Сот сарапшылары | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 6 | |
| СБШ бойынша кіші деңгейі | – | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – | |
| Кәсіптік білім<br>деңгейі (мамандық) | Жоғары білім (6В042 құқық (құқықтану, халықаралық құқық), 6В053 физикалық және химиялық ғылымдар (физика) | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бас сарапшы<br>жетекші сарапшы<br>аға сарапшы<br>"Құжаттарды сот-техникалық зерттеу" мамандығы бойынша лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлға | |
| | Құжаттардың сот сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы | |

| | | |
|---|---|---|
| Қызметтің негізгі мақсаты | қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. "Құжаттарды сот-техникалық зерттеу" мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | | Машықтар:<br>1. Ұсынылған объектілердің, олардың санының сараптама тағайындау туралы қаулыда (ұйғарымда) көрсетілген тізбеге сәйкестігін тексеру;<br>2. Сараптама/зерттеу объектілерінің бүліну, түрінің өзгеруін, ауыстырылу мүмкіндігін болдырмайтын және сақтау мен тасымалдау |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: "Құжаттарды сот-техникалық зерттеу" мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу | 1-дағды: Келіп түскен сараптама/ зерттеу объектілерін және іс материалдарын қабылдау және қарап-шығу | кезінде белгілері мен қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін олардың қаптамасының бүтіндігін тексеру; 3. Зерттеу объектісі туралы мәліметтерді толтырудың дұрыстығы мен жеткіліктілігін тексеру; 4. Зерттеуге түскен материалдар мен объектілерді тексеру актісін ресімдеу; 5. Сот сараптамасы объектілерінің бастапқы белгілері мен қасиеттерін сақтау және сараптама объектілерін сақтау мен қайтару қағидаларын сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету. |
| | | Білімі: 1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік |

| | | |
|---|---|---|
| | | құқықтық актілері; 2 . Сараптамалық зерттеуге ұсынылған объектілерді алудың, буып-түюдің, жолдаудың, тасымалдаудың, сақтаудың тәртібі. |
| | | Машықтар: 1 . Құжаттарды сот-техникалық зерттеудің мәнін, объектісін және міндеттерін анықтау; 2. Ұсынылған материалдармен зерттеу объектілерін зерделеу және сараптаманың шешуіне қойылған мәселелер бойынша олардың қорытынды беру үшін жарамдылығымен жеткіліктілігін бағалау; 3. Сот сараптамасы объектілерін, олардың ерекшелігін ескере отырып сипаттау; 4. Сот сараптамасын (зерттеуді) жүргізу жоспарын жасау және |

| | | |
|---|---|---|
| | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы (зерттеуі) материалдары мен объектілерін зерделеу | сараптамалық зерттеудің міндеттерін, бастапқы деректерді ескере отырып, сараптамалық іс-қимылдардың дәйектілігін айқындау;<br>5. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелерін және/немесе әдістерін таңдау;<br>6. Сараптама тағайындаған органға қолдаухат ресімдеу;<br>7. Сараптама объектілерін тіркеу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдану;<br>8. Реактивтердің кірісін бақылауды және оларды есепке алуды жүргізуге қатысу;<br>9. Жазбаларды ресімдеу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | нормативтік құқықтық актілері; 2 . Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері, құжаттарды сот-техникалық зерттеу саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер; 3 . Құжаттарды сот-техникалық зерттеу объектілері және олардың түрлері; 4 . Құжаттарды сот-техникалық зерттеуді тағайындау кезінде материалдарды дайындау мен ресімдеудің негізгі ережелері; 5 . Реактивтердің кіріс бақылауын сақтау және оларды есепке алу тәртібі; 6 . Сараптамалық және арнайы зерттеулерді тағайындау мен жүргізу тәртібіндегі айырмашылықтар. |
| | | | Машықтар: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес сынақ дайындық жүргізу;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелеріне және/немесе әдісіне сәйкес сот-сараптамалық зерттеулер жүргізу;<br>3 Құрал-саймандын, аспаптар мен жабдықтарды дұрыс пайдалану, реактивтерді ұтымды пайдалану (егер олар пайдаланылса);<br>4. Зерттеу жүргізу жағдайларын (өндірістік факторларды) бақылау;<br>5. Сот-сараптамалық зерттеулердің сапасын бақылауға қатысу;<br>6. Жазбаларды жүргізу және рәсімдеу;<br>7. Санитарлық нормалар мен еңбек қауіпсіздігі |

| | | |
|---|---|---|
| | | және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын сақтау. |
| | 3-дағды:<br>Сот-сараптамалық зерттеу жүргізу | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері;<br>3. Құжаттарды сот-техникалық зерттеудің процессуалдық және ұйымдастырушылық негіздері;<br>4. Сот-сараптамалық зерттеу кезеңдері;<br>5. Химиялық және физика-химиялық әдістер негізінде зерттеу әдістері;<br>6. Зерттеу әдістері және оларды қолдану реттілігін анықтау;<br>7. Құрал-сайман |

| | | |
|---|---|---|
| | | ды, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану, шығыс материалдарын есепке алу және сақтау тәртібі;<br>8. Сот сараптамаларын / зерттеулерін жүргізу процесінде объектілерді тіркеуге және зерттеуге арналған ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер, сот фотосуретін, бейнетүсірілімді, фотокестелерді, сызбаларды, диаграммаларды жасау ережелерін білу;<br>9. Зерттеу жүргізу кезіндегі өндірістік орта жағдайлары (температура, ылғалдылық);<br>10. Жазбаларды жүргізуді білу;<br>11. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі |

| | | |
|---|---|---|
| | | нұсқаулықтар, қағидалар мен нормалар, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар; 12. Ішкі нормативтік құжаттар, лауазымдық міндеттер. |
| | | Машықтар: 1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес зерттеу нәтижелеріне талдау, бағалау және өңдеу жүргізу; 2. Зерттеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалауды жүргізу; 3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерін түсіндіру/өңдеу және тұжырымды қалыптастыру; 4. Зерттеулер нәтижелерінің есептері, талдауы, бағалауы және өңдеуі бойынша жазбаларды жүргізу және ресімдеу. |
| | | Білімі: |

| | | |
|---|---|---|
| | 4-дағды:<br>Сот сараптамасы (зерттеуі) нәтижелерін түсіндіру/өңдеу | 1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері.<br>2. Өлшеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалаудың жалпы ережелері;<br>3. Сараптамалық зерттеулер нәтижелерінің анықтығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдері мен критерийлері;<br>4. Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндіру тәртібі мен қағидасы;<br>5. Зерттеулер нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу жазбаларын жүргізу тәртібі. |
| | | Машықтар:<br>1. Сарапшының (маманның) қорытындысын немесе қорытынды берудің мүмкін еместігі |

| | | |
|---|---|---|
| | | туралы хабарламаны ресімдеу;<br>2. Бақылау өндірісінің материалдарын қалыптастыру. |
| | 5-дағды:<br>сарапшының (маманның) қорытындысын ресімдеу | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сарапшы қорытындысын, оның құрылымдық бөліктерін (кіріспе, зерттеу, синтездеу, тұжырымдар) жасау тәртібі;<br>3. Сарапшы қорытындысы тұжырымдарының нысандары;<br>4. Құжаттауды, мұрағаттауды білу. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптаманы тағайындаған органға сараптама жүргізуге |

| | | |
|---|---|---|
| | | байланысты шеккен шығыстар туралы есеп ұсыну;<br>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман/ сарапшы ретінде қатысу |
| 2-еңбек функциясы:<br>Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | 1-дағды:<br>Сот сараптамалары өндірісін тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптама құнын есептеу бойынша тарифтер мен әдістер;<br>3. Сот сарапшысының процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу нысандары. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-тү |

| | | |
|---|---|---|
| | 2-дағды:<br>Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру | сіндіру жұмыстарына қатысу;<br>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот экспертологиясы мен криминалистиканың негіздері;<br>3. Қылмыстық және азаматтық істер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері. |
| | | Машықтар: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің қазіргі деңгейін ескере отырып, құжаттарды сот-техникалық зерттеулерің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;<br>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау;<br>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;<br>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу | а ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;<br>7. Сынақтармен өлшемдердің тиісті әдістерімен әдістемелерін қолдану;<br>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілген сынақтардың нәтижелерін талдау;<br>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;<br>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;<br>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді | |

| | | |
|---|---|---|
| | | ң нәтижелері бойынша есептер дайындау;<br>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;<br>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;<br>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот сараптамасы саласындағы отандық және |

| | | |
|---|---|---|
| 1-қосымша еңбек функциясы : Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу | | шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;<br>3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау әдіснамасы;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны мен нәтижелерін ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;<br>5. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу | тиімділігіне және олардың салдарына талдау жасау;<br>2 . Сот-сараптама қызметі нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;<br>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. | |
| | | Білімі:<br>1 . Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>3 . Нормативтік | |

| | | |
|---|---|---|
| | | құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу тәртібі, сондай-ақ ресімдеуге қойылатын талаптар. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді кәсіптік даярлауға, сот сарапшыларын даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу;<br>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;<br>3. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;<br>4. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары |

| | | |
|---|---|---|
| | | мен әдістерін жетілдіруге қатысу. |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі | – | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланысы | СБШ деігейі | Кәсіптік атауы |
| | 6 | Бөлім/бөлімше, сектор басшысы |
| | 7 | Басшы/басшының орынбасары |

## 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

11. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Орындаушы: А.М. Сашкен, a.sashken@adilet.gov.kz, 74-06-58.

12. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар):

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орындаушы: Г.Ж. Ертаева, expert@cse.kz, 54-10-05.

13. Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңес: 2023 жылғы 14 қарашадағы №2 хаттама.

14. Кәсіптік біліктілік бойынша ұлттық орган: 2023 жылғы 18 қазандағы қорытынды.

15. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 2023 жылғы 9 қазан.

16. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 1-нұсқа, 2024 жыл.

17. Бағдарлы қайта қарау күні: 2027 жылғы 4 қаңтар.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2024 жылғы 23 қаңтардағы
№ 60 бұйрығына
3-қосымша

## "Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу" кәсіптік стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес "Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу" кәсіптік стандарты әзірленді, ол компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеуді жүргізу жөніндегі сот сарапшысының біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған және сот-сараптама қызметі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) жазба – қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтерді қамтитын құжат немесе жүзеге асырылған қызметтің расталуы верификацияның, ескертуші әрекеттер мен түзетуші әрекеттердің жүргізілуінің куәлігін ұсыну және қадағалауын рәсімдеу үшін;

4) компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу объектілері – дербес компьютерлердің әр түрлі түрлерін, әр түрлі түрдегі және мақсаттағы перифериялық құрылғыларды, желілік аппараттық құралдарды, деректердің дискілік жинақтағыштарын қамтитын аппараттық объектілер; бағдарламалық объектілер, жүйелік бағдарламалық қамтлым, әртүрлі қолданбалы бағдарламалық өнімдер; ақпараттық объектілер;

5) компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу мәні – азаматтық, қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс материалдарында тіркелген ақпараттық процестерді іске асыруды қамтамасыз ететін компьютерлік құралдар мен жүйелерді әзірлеу және пайдалану заңдылықтарын зерттеу негізінде белгіленетін фактілер мен мән-жайлар.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

БА – Біліктілік анықтамалығы;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

## 2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Компьютерлік технология құралдарының сот-сараптамалық зерттеуі/сараптамасы".

5. Кәсіптік стандарт коды: O84230.

6. ЭҚЖЖ сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

O – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

84 – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

842 – Мемлекеттің жалпы қоғамға қызмет көрсетуі;

8423 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет;

84230 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: осы стандарт "Компьютерлік технология құралдарының сот-сараптамалық зерттеуі/сараптамасы" сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігі бар сарапшылардың , оның ішінде лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке

тұлғалардың біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды, сондай-ақ сот сараптамасы органының бөлім/бөлімше, сектор басшысының біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды сипаттайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

1) бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

2) сот сарапшылары – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі.

## 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. "Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)" кәсіптік карточкасы | | |
|---|---|---|
| Топтың коды | 1329-1 | |
| Қызметтер атауының коды | 1329-1-028 | |
| Кәсіп атауы | Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 6 | |
| СБШ бойынша кіші деңгейі | _ | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | _ | |
| Кәсіптік білім деңгейі (мамандық) | Жоғары білім (6В015 жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау (математика-информатика, физика-информатика), 6В061 ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (информатика, ақпараттық жүйелер, еспетеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету), 6В063 ақпараттық қауіпсіздік) | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бөлім/бөлімше басшысы<br>сектор басшысы | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Компьютерлік технологиялар құралдарының сот-сараптамалық зерттеуін/сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Бөлімше жұмысына басшылық ету; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | Қосымша еңбек функциялары | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | 1-дағды:<br>Бөлімшенің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлеу | Машықтар:<br>1. Бөлімшенің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жұмыс жоспарларын қалыптастыру, олардың орындалуын іске асыруға бақылауды жүзеге асыру;<br>2. Бөлімшенің мақсаттарын және оның осы мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштерін анықтау;<br>3. Бөлімше қызметіндегі негізгі тәуекелдерді және оларды жою немесе азайту әдістерін анықтау;<br>4. Бөлімше процестері тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау;<br>5. Өндірістік есептерді қалыптастыру. |
| | | Білімі:<br>1. Ұйымның стратегиясы/саясаты, мақсаттары, даму жоспарлары және басқа да нормативтік құқықтық құжаттары;<br>2. Менеджмент, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, ұйымдастырушылық даму саласындағы теориялық және практикалық білімдер;<br>3. Жоспарлау және әкімшілендіру негіздері;<br>4. Сараптама жүргізу туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері. |
| | | Машықтар:<br>1. Персоналдың жұмысына басшылық жасау, міндеттерді қалыптастыру және олардың орындауын бақылау; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 2. Өз құзыреті шегінде ұйымның басқа бөлімшелерімен және өзге де ұйымдардың өкілдерімен бөлімшенің тиімді өзара іс-қимылын жүзеге асыру;<br>3. Бөлімшенің материалдық-техникалық ресурстарға деген қажеттілігін айқындау бойынша талдау жүргізу; Зертхананы материалдық-техникалық жабдықтау мен жарақтандыруға өтінімдер жасау және ресімдеу;<br>4. Персонал қызметінің тиімділігін талдау және бағалау, орындалған жұмыс нәтижелері бойынша бағынысты қызметкерлерге кері байланыс ұсыну;<br>5. Қызметкерлерді тиімді ынталандыру жүйесін әзірлеу. Жанжалды жағдайлардың алдын алу;<br>6. Бөлімшенің персоналға қажеттілігін айқындау, сондай-ақ олардың кәсіптік деңгейін ескере отырып, персоналды іріктеуді жүзеге асыру. Жаңадан қабылданған персоналды бейімдеу бойынша іс-шаралар әзірлеу;<br>7. Сот сараптамасы органы басшысының қарауына қызметкерлерді тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы ұсынымдар, оларды көтермелеу туралы немесе оларға жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізу;<br>8. Персоналды даярлауды , біліктілігін арттыруды іске асыруды қамтамасыз ету; |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Бөлімше жұмысына басшылық ету | 2-дағды: Бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету | 9. Бөлімше ресурстарын ұтымды пайдалануды, жабдықтар мен аспаптардың сақталуы мен жұмыс жағдайын қамтамасыз ету;<br>10. Нұсқамалық өткізуді ұйымдастыру, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар жөніндегі нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;<br>2. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері;<br>3. Еңбекті ұйымдастырудың нысандары мен әдістері;<br>4. Адами ресурстарды басқару, персоналды оқыту және дамыту құралдары;<br>5. Персоналдың қызметін бағалау әдістері, қызметкерлерді ынталандырудың, олардың қатысу деңгейін арттырудың әдістемелері мен құралдары;<br>6. Еңбекті ұйымдастырудың және басқарудың, еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібі қағидалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың, өндірістік санитарияның, өрт және |

| | | |
|---|---|---|
| | | санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің талаптары;<br>7. Тауарлық-материалдық құндылықтардың кірісін бақылау, оларды есепке алу және есептен шығару тәртібі;<br>8. Пайдаланылатын техникалық құралдарды пайдалану және оларға қызмет көрсету қағидалары. |
| | 3-дағды:<br>Бөлімше жұмыстарының орындалу барысын бақылау | Машықтар:<br>1. Жұмыс жоспар-кестелерін орындауды бақылау;<br>2. Құрал-сайманның, аппаратура мен жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын, персоналдың қауіпсіздік техникасын сақтауын бақылау;<br>3. Сараптаманы жүргізу сапасын ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру.<br>4. Сараптамалық қорытындыны сарапшының тәуелсіздігі қағидатын сақтай отырып, жүргізілген зерттеудің толықтығын, тұжырымдардың ғылыми негізділігін, алынған нәтижелердің дұрыстығын және сараптамалық қорытындыны ресімдеу сапасын тексеру;<br>5. Персоналдың лауазымдық міндеттерін, оның ішінде сот сараптамасы саласындағы әдеп қағидаттарын, ақпараттың құпиялылығын орындауын бақылауды жүзеге асыру;<br>6. Сарапшының қорытындыларын ішкі |

| | | |
|---|---|---|
| | | және сыртқы рецензиялау процесіне қатысу;<br>7. Сараптамалық қателіктердің алдын алуды жүргізу;<br>8. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Бөлімшеде қолданылатын жабдықтар мен аппаратураларды пайдаланудың негізгі технологиялық процестері мен ерекшеліктері;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеулер өндірісінің сапасын бақылауды ұйымдастыру қағидаттары;<br>3. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері;<br>4. Құпия қызметтік ақпаратты қорғау талаптары. |
| 2-еңбек функциясы:<br>Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | 1-дағды:<br>Сот сараптамалары өндірісін тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптама тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты жұмсалған шығыстар туралы есеп ұсыну;<br>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2. Сараптама құнын есептеу жөніндегі тарифтер мен әдістер. |
| | 2-дағды:<br>Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлерінің ақпараттық-түсіндіру жұмысына қатысу;<br>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері;<br>3. Сот экспертологиясы және криминалистика негіздері. |
| | | Машықтар:<br>1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеулерін дамытудың ағымдағы жай-күйі мен перспективаларын зерделеу және талдау;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу |

| | | |
|---|---|---|
| 1-қосымша еңбек функциясы: Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу | 1-дағды: Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу | үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;<br>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінен болған техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау;<br>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;<br>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларын ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;<br>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;<br>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілетін сынақтардың нәтижелерін талдау;<br>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;<br>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;<br>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;<br>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсынымдар |

| | | |
|---|---|---|
| | | мен құралдарды дайындауға қатысу;<br>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензиялау жүргізу;<br>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамасы;<br>3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жарияланымдарының мазмұнына және нәтижелерін ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;<br>4. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу мен енгізудің негізгі қағидаттары;<br>5. Ғылыми зерттеулер жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау бойынша әдістемелік материалдар. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалар тиімділігі мен |

| | | |
|---|---|---|
| | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу | олардың салдарының тұрғысынан талдау жасау ;<br>2. Сот-сараптама қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау , жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру ;<br>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу тәртібі, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді ресімдеудің тәртібі. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын ( зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді кәсіптік дайындауға, сот сарапшыларын дайындауға, олардың біліктілігін арттыруға қатысу;<br>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу; |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-дағды:<br>Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға қатысу | 3. Кадрларды даярлаудың, біліктілікті арттырудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеуге қатысу;<br>4. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;<br>5. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу;<br>6. Оқыту нәтижелерінің көрсеткіштерін және оның тиімділігін талдауды жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;<br>2. Оқу-бағдарламалық кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;<br>3. Баяндамалардың, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;<br>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;<br>5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;<br>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары;<br>7. Оқыту шығындарын қаржыландыру тәртібі;<br>8. Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі есептілікті жасау тәртібі. |
| | Ұжымды басқару | |

| | | |
|---|---|---|
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар | Командалық жұмыс<br>Көшбасшылық қасиеттер<br>Стратегиялық және жүйелік ойлау<br>Нәтижеге бағдар<br>Тиімді коммуникация дағдылары<br>Тұрақты өзін-өзі дамыту | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі | – | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптің атауы |
| | 7 | Басшы/басшының орынбасары |

| | | |
|---|---|---|
| 10. "Сот сарапшылары" кәсіптік карточкасы | | |
| Топтың коды | 2611-7 | |
| Қызметтер атауының коды | 2611-7-002 | |
| Кәсіп атауы | Сот сарапшылары | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 6 | |
| СБШ бойынша кіші деңгейі | – | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | _ | |
| Кәсіптік білім деңгейі (мамандық) | Жоғары білім (6В015 жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау ( математика-информатика, физика-информатика), 6В061 ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (информатика, ақпараттық жүйелер, еспетеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету), 6В063 ақпараттық қауіпсіздік) | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бас сарапшы<br>жетекші сарапшы<br>аға сарапшы<br>"Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу" мамандығы бойынша лицензия негізінде сот- сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлға | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: компьютерлік технологиялар құралдарының сот-сараптамалық зерттеуін/сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| | | 1. "Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу |

| | | |
|---|---|---|
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | " мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | 1-дағды:<br>Келіп түскен сараптама/зерттеу объектілерін және іс материалдарын қабылдау және қарап-шығу | Машықтар:<br>1. Ұсынылған сараптама/зерттеу объектілерінің, олардың санының сараптама тағайындау туралы қаулыда (ұйғарымда) көрсетілген тізбеге сәйкестігін тексеру;<br>2. Сараптама/зерттеу объектілерінің бүліну, түрінің өзгеруін, ауыстырылу мүмкіндігін болдырмайтын және сақтау мен тасымалдау кезінде белгілері мен қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін олардың қаптамасының бүтіндігін тексеру;<br>3. Зерттеу объектісі туралы мәліметтерді толтырудың дұрыстығы мен жеткіліктілігін тексеру;<br>4. Зерттеуге түскен материалдар мен объектілерді тексеру актісін ресімдеу;<br>5. Сот сараптамасы объектілерінің бастапқы белгілері мен қасиеттерінің сақталуы және сараптама объектілерін сақтау мен қайтару қағидаларын сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету. |
| | | Білімі: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптамалық зерттеуге ұсынылған заттай дәлелдемелер мен объектілерді алу, буып-түю, жолдау, тасымалдау, сақтау тәртібі. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот-сараптамалық зерттеудің мәнін, объектісін және міндеттерін анықтау;<br>2. Ұсынылған материалдар мен зерттеу объектілерін зерделеу және сараптаманың шешуіне қойылған мәселелер бойынша қорытынды беру үшін олардың жарамдылығы мен жеткіліктілігін бағалау;<br>3. Сот сараптамасы объектілерін, олардың ерекшелігін ескере отырып сипаттау;<br>4. Сот сараптамасын ( зерттеуін) жүргізу жоспарын жасау және сараптамалық зерттеудің міндеттерін, бастапқы деректерді ескере отырып, сараптамалық іс-қимылдың дәйектілігін айқындау;<br>5. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелерін және/немесе әдістерін таңдау;<br>6. Сараптама тағайындаған органға қолдаухат ресімдеу;<br>7. Сараптама объектілерін табу, тіркеу және зерттеу үшін |

| | | |
|---|---|---|
| | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы (зерттеуі) материалдары мен объектілерін зерделеу | ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдану;<br>8. Жазбаларды ресімдеу. |
| | | Білімі:<br>1.Қазақстан Республикасының сот сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу объектілерінің түрлері (тектері), жіктеуіші;<br>3. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері, компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер;<br>4. Компьютерлік технологиялар, ақпараттық жүйелер мен процестер, бағдарламалау, алгоритмдеу, математикалық және компьютерлік модельдеу саласындағы теориялық және ғылыми негіздер;<br>5. Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеуін тағайындау кезінде материалдарды дайындау мен ресімдеудің негізгі қағидалары;<br>6. Сараптамалық және арнайы зерттеулерді тағайындау мен жүргізу тәртібіндегі айырмашылықтар. |
| | | Машықтар:<br>1. Зерттеуді тікелей жүргізу алдындағы дайындық іс-шараларын (ақпарат тасығыштардың биттік көшірмелерін ( |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: | | | үлгілерін) алу, жедел жады үлгілерін алу және т.б.) жүргізу;<br>2. Компьютерлік жүйенің аппараттық құралдарын диагностикалауды жүргізу;<br>3. Алгоритм мен құрылымдық ерекшеліктердің сипаттамалары мен іске асырылатын талаптарының функционалдық мақсатын, ұсынылған бағдарламалық жүйелік және қолданбалы жасақтаманың ағымдағы жағдайын анықтау;<br>4. Пайдаланушы дайындаған немесе компьютерлік жүйеде ақпараттық процестерді ұйымдастыру үшін бағдарламалардан туындаған (жасалған) ақпаратты (деректерді) іздеу, табу, талдау және бағалау;<br>5. Сәйкестендіру мәселелерін шешу;<br>6. Құрал-сайманды, аспаптарды, жабдықтарды, бағдарламалық жасақтаманы және аппараттық-бағдарламалық кешендерді дұрыс пайдалану;<br>7. Зерттеу жүргізу кезінде өндірістік орта жағдайларын ( температура, ылғалдылық) бақылау;<br>8. Сот-сараптамалық зерттеулердің сапасын бақылауға қатысу;<br>9. Жазбаларды жүргізу және ресімдеу;<br>10. Санитарлық нормалар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау |

| | | |
|---|---|---|
| "Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу" мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу | | жөніндегі нұсқаулық қағидаларының талаптарын сақтау. |
| | 3-дағды: сот-сараптамалық зерттеу жүргізу | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері;<br>3. Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеудің процестік және ұйымдастырушылық негіздері;<br>4. Зерттеу жүргізу кезіндегі өндірістік орта жағдайлары (температура, ылғалдылық);<br>5. Сарапшы қорытындысының сапасын бақылауды ұйымдастыру қағидалары;<br>6. Жазбаларды жүргізу тәртібі;<br>7. Есептеу кешендерінің, деректерді беру жүйелері мен желілерінің жұмыс істеу негіздері;<br>8. Деректерді беру желілерін құру қағидаттары;<br>9. Әр түрлі операциялық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері;<br>10. Ақпараттық процестерді іске асыруды қамтамасыз ететін аппараттық құралдардың жұмыс істеу қағидаттары мен ерекшеліктері;<br>11. Негізгі файлдық жүйелерде деректерді сақтауды ұйымдастырудың ерекшелігі; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 12. Вирустық және антивирустық бағдарламалардың жұмыс істеу ерекшеліктері;<br>13. Мобильді құрылғылардың негізгі операциялық жүйелерін ұйымдастырудың ерекшеліктері;<br>14. Компьютерлік ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын қолданудың және еңсерудің негізгі тәсілдері;<br>15. Жабдыққа сараптама жүргізу кезінде қолданылатын жұмыстың негізгі қағидаттары, қызмет көрсету және пайдалану қағидалары;<br>16. Тиісті заттай дәлелдемелерді қарап-шығу, алу және буып-түю тәртібі;<br>17. Есептеу желілеріндегі ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету негіздері;<br>18. Шығыс материалдарын есепке алу және сақтау қағидалары;<br>19. Сот сараптамаларын / зерттеулерін жүргізу барысында объектілерді анықтауға, тіркеуге және зерттеуге арналған ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер, сот фотосуреті, бейнетүсірілім қағидалары, графикалық, кестелік және басқа да безендіру материалдарына қойылатын талаптар;<br>20. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар, қағидалар мен нормалар, сондай-ақ санитарлық- |

| | | |
|---|---|---|
| | | эпидемиологиялық талаптар;<br>21. Ішкі нормативтік құжаттар, лауазымдық міндеттер. |
| | 4-дағды:<br>Сот сараптамасы (зерттеу ) нәтижелерін түсіндіру/ өңдеу | Машықтар:<br>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және /немесе әдісіне сәйкес зерттеу нәтижелеріне талдау, бағалау және өңдеу жүргізу;<br>2. Зерттеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалауды жүргізу;<br>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерін түсіндіру/ өңдеу және тұжырымдарды қалыптастыру;<br>4. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу бойынша жазбаларды жүргізу және ресімдеу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелері және/немесе әдістері;<br>2. Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласында қолданылатын нормативтік-құқықтық құжаттар;<br>3. Өлшемдердің белгісіздігін бағалау мен ұсынудың жалпы қағидалары;<br>4. Байланыс және ақпарат саласындағы құқық бұзушылық белгілері;<br>5. Алынған мәліметтерді сауатты түсіндіру және зерттеу объектілерінің анықталған жиынтық белгілерін криминалистикалық дұрыс бағалау қағидаттары;<br>6. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу бойынша |

| | | |
|---|---|---|
| | | жазбаларды жүргізу және ресімдеу. |
| | 5-дағды:<br>Сарапшының (маманның) қорытындысын ресімдеу | Машықтар:<br>1. Сарапшының (маманның) қорытындысын немесе қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаны ресімдеу;<br>2. Бақылау өндірісінің материалдарын қалыптастыру. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласында қолданылатын нормативтік-құқықтық құжаттар;<br>3. Сарапшы қорытындысын, оның құрылымдық бөліктерін (кіріспе, зерттеу, синтездеу, тұжырымдар) жасау тәртібі;<br>4. Сарапшы қорытындысы тұжырымдарының нысандары;<br>5. Құжаттауды, мұрағаттауды білу. |
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамалары өндірісін тағайындайтын | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптама тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есеп ұсыну;<br>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман/сарапшы ретінде қатысу. |
| | | Білімі: |

| | | |
|---|---|---|
| | органдармен өзара іс-қимыл | 1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптама құнын есептеу бойынша тарифтер мен әдістер;<br>3. Сот сарапшысының процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу нысандары. |
| 2-еңбек функциясы:<br>Сараптамалар тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | 2-дағды:<br>Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмысына қатысу;<br>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот экспертологиясы және криминалистика негіздері;<br>3. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері. |
| | | Машықтар:<br>1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің |

| | | |
|---|---|---|
| | | заманауи деңгейін ескере отырып, компьютерлік технология құралдарын сот сараптамалық зерттеуінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;<br>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау;<br>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;<br>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;<br>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;<br>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілген сынақтардың нәтижелерін талдау;<br>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;<br>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің техникалық шешімдердің, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерінің әдістемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу; |

| | | |
|---|---|---|
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу | 11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;<br>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;<br>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;<br>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;<br>2. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;<br>3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдіснамасы;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жарияланымдардың мазмұны мен нәтижелерін ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;<br>5. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, |

| | | |
|---|---|---|
| 1-қосымша еңбек функциясы: Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу | | сынақтан өткізу мен енгізудің негізгі қағидаттары;<br>6. Ғылыми зерттеулерді жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау жөніндегі әдіснамалық материалдар. |
| | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу | Машықтар:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігі мен олардың салдары тұрғысынан талдау жасау ;<br>2. Сот-сараптама қызметін нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау , жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру ;<br>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;<br>2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу тәртібі, сондай-ақ ресімдеуге қойылатын талаптар. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-дағды:<br>Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын ( зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді кәсіптік даярлауға, сот сарапшыларын даярлауға , сот сарапшыларының біліктілігін арттыруға қатысу;<br>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;<br>3. Кадрларды даярлаудың , біліктілікті арттырудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеуге қатысу;<br>4. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;<br>5. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу;<br>6. Оқыту нәтижелерінің көрсеткіштерін және оның тиімділігін талдауды жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;<br>2. Оқу-бағдарламалық кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;<br>3. Дәрістердің, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;<br>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;<br>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары. |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар | Командалық жұмыс<br>Аналитикалық және жүйелік ойлау<br>Стреске төзімділік<br>Сапаға бағдары (зейінділік, байқаушылық)<br>Шешім қабылдау кезіндегі дербестік<br>Тиімді коммуникация дағдылары<br>Тұрақты өзін-өзі дамыту | |
| | Физикалық және психоэмоционалды тұрақтылық | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі | _ | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптік атауы |
| | 6 | Бөлім/бөлімше, сектор басшысы |
| | 7 | Басшы/басшының орынбасары |

**4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері**

11. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Орындаушы: А.М. Сашкен, a.sashken@adilet.gov.kz, 74-06-58.

12. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар):

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орындаушы: Г.Ж. Ертаева, expert@cse.kz, 54-10-05.

13. Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңес: 2023 жылғы 14 қарашадағы №2 хаттама.

14. Кәсіптік біліктілік бойынша ұлттық орган: 2023 жылғы 20 қазандағы қорытынды.

15. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 2023 жылғы 9 қазан.

16. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 1-нұсқа, 2024 жыл.

17. Бағдарлы қайта қарау күні: 2027 жылғы 4 қаңтар.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің

2024 жылғы 23 қаңтардағы
№ 60 бұйрығына
4-қосымша

## "Есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сот сараптамасы" кәсіптік стандарты

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес "Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сот сараптамасы" кәсіптік стандарты әзірленді, ол есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сот сараптамасын жүргізу жөніндегі сот сарапшысының біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған және сот-сараптама қызметі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын сот-сараптамалық зерттеу мәні – зерттеудің осы түрінің объектілерінің қасиеттерін, ерекшеліктерін, дайындау технологиясын айқындау мақсатында сот сараптамасы, биология, химия және басқа да ғылымдар саласындағы арнайы ғылыми білімдер негізінде нақты деректерді анықтау;

4) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын сот-сараптамалық зерттеу объект – қарасора өсімдіктерінен ( марихуана, гашиш, ұнтақ түріндегі канабис, шайырлар, сығындылар мен тұнбалар) және көкнәр өсімдіктерінен (апиын, апиын сығындылары, көкнәр сабаны, көкнәр сабанының концентраты, апиын тұнбалары және т. б.), эфедрадан (эфедрон) алынатын қолдан жасалған есірткі құралдары, сондай-ақ тұтас өсімдіктер не қарасора, көкнәр, эфедра өсімдіктерінің ұсақталған бөліктері, жартылай синтетикалық және синтетикалық есірткі немесе психотроптық заттар (героин, амфетамин және оның туындылары), құрамында есірткі құралдары немесе психотроптық заттар мен прекурсорлар бар, зауытта дайындалған немесе дәріхана желісінде дайындалған дәрілік заттар, есірткі құралдарының немесе психотроптық заттардың аналогтары, дайындау, буып-түю, пайдалану, сақтау, тасымалдау кезінде пайдаланылатын әртүрлі тасымалдаушы заттардағы есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың

аналогтары мен прекурсорлардың микроқабаттары, құрамында есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының және прекурсорлардың болуы болжанатын, шығу тегі белгісіз заттар;

5) жазба – қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтерді қамтитын құжат немесе жүзеге асырылған қызметтің расталуы верификацияның, ескертуші және түзетуші әрекеттердің жүргізілуінің куәлігін ұсыну және қадағалауын рәсімдеу үшін;

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

БТБА - Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

БА – Біліктілік анықтамалығы;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

## 2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сот сараптамасы".

5. Кәсіптік стандарт коды: O84230.

6. ЭҚЖЖ сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

O – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

84 – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

842 – Мемлекеттің жалпы қоғамға қызмет көрсетуі;

8423 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет;

84230 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: осы стандарт "Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сот сараптамасы сот сараптамалары" жүргізу құқығына біліктілік куәлігі бар сарапшылардың, оның ішінде лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғалардың біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды, сондай-ақ сот сараптамасы органының бөлім/бөлімше басшысының, зертхана меңгерушісінің біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды сипаттайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

1) бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

2) сот сарапшылары – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі.

## 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

| | | |
|---|---|---|
| 9. "Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)" кәсіптік карточкасы | | |
| Топтың коды | 1329-1 | |
| Қызметтер атауының коды | 1329-1-028 | |
| Кәсіп атауы | Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 6 | |
| СБШ бойынша кіші деңгейі | – | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – | |
| Кәсіптік білім деңгейі (мамандық) | Жоғары білім (6В015 жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау ( химия, химия-биология), 6В053 физикалық және химиялық ғылымдар (химия) | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бөлім/бөлімше басшысы<br>сектор басшысы | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сот сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Бөлімше жұмысына басшылық ету; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | 1-дағды:<br>Бөлімшенің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлеу | Машықтар:<br>1. Бөлімшенің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жұмыс жоспарларын қалыптастыру, олардың орындалуын іске асыруға бақылауды жүзеге асыру;<br>2. Бөлімшенің мақсаттарын және оның осы мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштерін айқындау;<br>3. Бөлімше қызметіндегі негізгі тәуекелдерді және оларды жою немесе азайту әдістерін айқындау;<br>4. Бөлімше процестері нәтижелілігінің негізгі көрсеткіштерін айқындау;<br>5. Өндірістік есептерді қалыптастыру. |
| | | Білімі: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1. Ұйымның стратегиясы/саясаты, мақсаттары, даму жоспарлары және басқа да нормативтік құқықтық құжаттары;<br>2. Менеджмент, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, ұйымдастырушылық даму саласындағы теориялық және практикалық білімдер;<br>3. Жоспарлау және әкімшілендіру негіздері;<br>4. Сараптама жүргізу туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері. |
| | 2-дағды:<br>Бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету | Машықтар:<br>1. Персоналдың жұмысына басшылық жасау, міндеттерді қалыптастыру және олардың орындауын қадағалау;<br>2. Өз құзыреті шегінде ұйымның басқа бөлімшелерімен және өзге де ұйымдардың өкілдерімен бөлімшенің тиімді өзара іс-қимылын жүзеге асыру;<br>3. Бөлімшенің материалдық-техникалық ресурстарға деген қажеттілігін айқындау бойынша талдау жүргізу. Зертхананы материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен жарақтандыруға өтінімдер жасау және ресімдеу;<br>4. Реактивтердің кірісін бақылау және олардың есебін жүргізу;<br>5. Персонал қызметінің тиімділігін талдау және бағалау, орындалған жұмыс нәтижелері бойынша кері байланыс ұсыну;<br>6. Персоналды тиімді ынталандыру жүйесін әзірлеу. Жанжалды жағдайлардың алдын алу;<br>7. Бөлімшенің персоналға қажеттілігін айқындау, сондай-ақ олардың кәсіптік деңгейін ескере отырып, персоналды іріктеуді жүзеге асыру. Жаңадан қабылданған персоналды бейімдеу бойынша іс-шаралар әзірлеу;<br>8. Сот сараптамасы органы басшысының қарауына қызметкерлерді тағайындау, ауыстыру және қызметтен шығару туралы ұсынымдар, оларды көтермелеу туралы немесе оларға жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізу;<br>9. Персоналды даярлауды, біліктілігін арттыруды іске асыруды қамтамасыз ету;<br>10. Бөлімше ресурстарын ұтымды пайдалануды, жабдықтар мен аспаптардың сақталуы мен жұмыс жағдайын қамтамасыз ету; |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Бөлімшенің жұмысына басшылық ету | | 11. Нұсқаулықты өткізуді ұйымдастыру, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, с о н д а й - а қ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар жөніндегі нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Ішкі нормативтік құжаттар, жетекшілік ететін бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері;<br>3. Еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері, олардың нысандары мен әдістері, еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртібі қағидалары;<br>4. Адами ресурстарды басқару, персоналды оқыту және дамыту тетіктері.<br>5. Персоналдың қызметін бағалау әдістері , қызметкерлерді ынталандырудың, олардың қатысу деңгейін арттырудың әдістемелері мен тетіктері;<br>6. Өндірістік санитарияның қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптары;<br>7. Реактивтердің, тауарлық-материалдық құндылықтардың кірісін бақылау, оларды есепке алу және есептен шығару тәртібі;<br>8. Пайдаланылатын техникалық құралдарды пайдалану және оларға қызмет көрсетудің негізгі қағидалары. |
| | | Машықтар:<br>1. Жұмыс жоспар-кестелерінің орындалуын бақылау;<br>2. Аппаратура мен жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын, реактивтердің ұтымды қолданылуын (егер олар қолданылса), персоналдың қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақтауын бақылау;<br>3. Сараптаманы жүргізу сапасын ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру;<br>4. Сараптамалық қорытындыны сарапшының тәуелсіздігі қағидатын сақтай отырып, жүргізілген зерттеудің толықтығын, тұжырымдардың ғылыми негізділігін, алынған нәтижелердің дұрыстығын және сараптамалық қорытындыны ресімдеу сапасын тексеру; |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-дағды:<br>Бөлімше жұмыстарының орындалу барысын бақылау | 5. Персоналдың лауазымдық міндеттерін, оның ішінде сот сараптамасы саласындағы әдеп қағидаттарын, ақпараттың құпиялылығын орындауын бақылауды жүзеге асыру;<br>6. Сарапшының қорытындыларын ішкі және сыртқы рецензиялау процесіне қатысу;<br>7. Сараптамалық қателіктердің алдын алуды жүргізу;<br>8. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Бөлімшеде қолданылатын жабдықтар мен аппаратураларды пайдаланудың негізгі технологиялық процестері мен ерекшеліктері;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеулер өндірісінің сапасын бақылауды ұйымдастыру қағидаттары;<br>3. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері .<br>4. Құпия қызметтік ақпаратты қорғау талаптары. |
| 2-еңбек функциясы:<br>Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | 1-дағды:<br>Сот сараптамалары өндірісін тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптама тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есеп ұсыну;<br>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптама құнын есептеу жөніндегі тарифтер мен әдістер. |
| | 2-дағды: | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу;<br>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері;<br>3. Сот экспертологиясы және криминалистика негіздері. |
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу | Машықтар:<br>1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасын дамытудың ағымдағы жай-күйі мен перспективаларын зерделеу және талдау;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;<br>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау .<br>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;<br>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;<br>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;<br>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілетін сынақтардың нәтижелерін талдау;<br>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;<br>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;<br>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;<br>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;<br>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Оқу-бағдарламалық кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;<br>3. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;<br>4. Дәрістердің, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;<br>5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;<br>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары. |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар | Командалық жұмыс<br>Аналитикалық және жүйелік ойлау<br>Стреске төзімділік<br>Сапаға бағдары<br>Шешім қабылдау кезіндегі дербестік<br>Тиімді коммуникация дағдылары<br>Тұрақты өзін-өзі дамыту<br>Физикалық және психоэмоционалды тұрақтылық | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімдері | – | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптің атауы |
| | 6 | Бөлім/бөлімше, сектор басшысы |
| | 7 | Басшы/басшының орынбасары |

| | |
|---|---|
| 11. "Зертханашы (біліктілігі орта)" кәсіптік карточкасы | |
| Топтың коды | 3111-9 |
| Қызметтер атауының коды | 3111-9-005 |
| Кәсіп атауы | Зертханашы (біліктілігі орта |
| | |

| | | |
|---|---|---|
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі: | 4 | |
| СБШ бойынша кіші деңгейі | – | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – | |
| Кәсіптік білім<br>деңгейі (мамандық) | Медициналық зертханашы<br>Зертханашы диагностик | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптік білім<br>деңгейі (мамандық) | Сот сараптамасы органының молекулярлық-генетикалық сараптама бөлімінің/бөлімшесінің, секторының медициналық зертханашысы | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Сот молекулярлық-генетикалық сараптамасы/зерттеуін жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін еңбек функцияларын және қызметкерлердің біліміне, ептілігіне, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Орта медициналық персоналдың сот молекулярлық-генетикалық сараптама (зерттеу) өндірісіндегі қосалқы қызметі. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | | Машықтар:<br>1. Құзыреті шегінде зерттеуге келіп түсетін сот сараптамасы (зерттеуі) объектілерін қабылдауға, тіркеуге, таңбалауға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге қатысу;<br>2. Сарапшының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бақылауымен сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес сынама дайындауға қатысу; 3. Сарапшының бақылауымен сот молекулярлық-генетикалық сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу кезінде стандартты операциялық рәсімдерді орындау (ДНҚ бөлу үшін материалын дайындау, жұмыс ерітінділерін дайындау, тестілік зерттеулер жүргізу және т.б.); 4. Өз құзыреті шегінде құжаттама мен жазбалар жүргізу; 5. Қарамағындағы кіші медициналық персоналдың қызметін ұйымдастыру (болған жағдайда); 6. Санитариялық-гигиеналық режим және |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Орта медициналық персоналдың сот молекулярлық-генетикалық сараптама (зерттеу) өндірісіндегі қосалқы қызметі | 1-дағды: Құзыреті шегінде сот молекулярлық-генетикалық сараптама (зерттеу) жүргізу кезінде орта медицина персоналының қосалқы қызметі | эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларына сәйкес жұмыс орындарын, жабдықтарды, құрал-саймандарды, химиялық ыдыстарды (зертханада кіші медициналық персонал болмаған кезде) дайындау;<br>7. Бөлу қағидаларына және зертхананың жұмыс аймақтарындағы жұмыс ерекшеліктеріне сәйкес антиконтамициялық іс-шараларды сақтай отырып материалдық объектілерді ауыстыруды және тасымалдауды жүргізу;<br>8. Қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтарды жинау және уақытша сақтау, кәдеге жаратуға дайындау процесіне қатысу;<br>9. Қосалқы зертханалық жабдықтардың (тоңазытқышт |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ар, мұздатқыш камералар, термостаттар, бактерицидті қондырғылар) жұмысқа қабілеттілігіне мониторинг жүргізу;<br>10. Қолданыстағы нұсқаулықтарға сәйкес қосалқы жабдықтардың (тоңазытқыштар, мұздатқыш камералар, термостаттар, бактерицидті қондырғылар) жұмысын есепке алу журналын жүргізу;<br>11. Сараптамалар/зерттеулер жүргізу үшін пайдаланылатын реактивтермен ерітінділердің сақталу жағдайын, жарамдылық мерзімін бақылау;<br>12. Сапаны зертханаішілік бақылау іс-шараларын жүргізу кезіндегі инциденттер, ауытқулар және өзгерістер туралы сарапшылард |

| | | |
|---|---|---|
| | | ы хабардар ету; 13. Денсаулыққа ықтимал қауіпті жабдықтармен және заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы нормаларын, сондай-ақ санитариялық-гигиеналық режим мен эпидемиологиялық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау; 14. Қарамағындағы кіші медициналық персоналдың лауазымдық міндеттерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру; 15. Сараптама (зерттеу) тағайындаған адамға беру үшін сараптама объектілерін дайындау (буып-түю, таңбалау). |
| | | Білімі: 1. Молекулярлық-генетикалық сараптамаларды ( |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | зерттеулерді) жүргізу қағидалары; 2 . Молекулалық-генетикалық сараптамаларды (зерттеулерді) жүргізу кезінде зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізу әдістемелері; 3. Еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібінің қағидалары, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптары; 4. Қан топтары туралы жалпы мәліметтер; 5. Қан алу әдістемесі; 6. Қан іздерін зерттеу әдістері; 7 . Молекулалық-генетикалық зерттеу жүргізу негіздері; 8. Құрғақ және сұйық қан үлгілерінен |

| | | |
|---|---|---|
| | | ДНҚ бөліп алудың негізгі қадамдары;<br>9. Сараптама/зерттеу жүргізу үшін ұсынылған объектілерді іріктеу, буып-түю, таңбалау және ресімдеу тәртібі;<br>10. Антиконтаминациялық іс-шараларды сақтай отырып, жұмыстарды жүргізу тәртібі;<br>11. Ерітінділердің концентрациясын білдіру тәсілдері, ерітінділер құрамын қайта есептеу, ерітінділер мен басқа заттарды сұйылту және араластыру кезінде белгіленетін мөлшерлік қатынастар;<br>12. Қолданылатын реактивтердің қасиеттері және оларға қойылатын талаптар;<br>13. Тестілік зерттеулерді, стандартты зерттеулерді жүргізу әдістемелері; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 14. Қосалқы зертханалық жабдықты пайдалану және оның жұмысын есепке алу қағидалары;<br>15. Зерттеу процесінде, үлгілерді іріктеу және сақтау кезінде пайдаланылатын жабдықтармен өлшеу құралдарының сипаттамалары, сондай-ақ оларды пайдалану қағидалары;<br>16. Қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтармен жұмыс істеу тәртібі;<br>17. Сараптамалар/зерттеулер жүргізу үшін пайдаланылатын реактивтермен ерітінділердің сақтау шарттары, жарамдылық мерзімдері тәртібі;<br>18. Зертханаішілік сапаны бақылауды жүргізу тәртібі;<br>19. Санитариялық-гигиеналық режим және эпидемиологиялық |

| | | |
|---|---|---|
| | | қауіпсіздік нормалары (қорғаныш киімді пайдалану, жұқтырған (ықтимал жұқтырған) объектілермен жұмыс істеу, дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін дайындау және т.б.);<br>20. Құжаттандыру, архивтеу қағидалары;<br>21. Ішкі нормативтік құжаттар, функционалдық міндеттері. |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар | Кәсіптік міндеттерді дербес шешу<br>Оқытылуға қабілеті<br>Тәртіптілік<br>Стреске төзімділік<br>Командалық жұмыс<br>Физикалық және психоэмоционалды тұрақтылық | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі | – | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптің атауы |
| | 6 | Сарапшы, дәрігер/маман сот-медициналық сарапшысы |

| 12. "Сот-сараптамалық санитар" кәсіптік карточкасы | |
|---|---|
| Топтың коды | 9629-9 |
| Қызметтер атауының коды | 9629-9-018 |
| Кәсіп атауы: Сот-сараптамалық санитар | Сот-сараптамалық санитар |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 2 |
| СБШ бойынша кіші деңгейі | – |
| | |

| | | |
|---|---|---|
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – | |
| Кәсіптік білім<br>деңгейі (мамандық) | Жұмыс орнында оқытуды өткізумен орта, толық емес орта | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | – | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Сот молекулярлық-генетикалық сараптамасы/зерттеуін жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін еңбек функцияларын және қызметкерлердің біліміне, ептілігіне, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізімі мен сипаттамасы | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Сот молекулярлық-генетикалық сараптама (зерттеу) жүргізу кезіндегі кіші медициналық персоналдың қосалқы қызметі. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | | Машықтар:<br>Қолданыстағы нұсқаулықтар мен санитариялық талаптарға сәйкес жұмыс орындарын, құрал-сайман дарды, химиялық ыдыстарды дайындау;<br>2. Санитариялық-гигиеналық режим мен эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларына сәйкес дезинфекциялық құралдар мен |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Сот молекулярлық-генетикалық сараптама ( зерттеу) жүргізу кезіндегі кіші медициналық персоналдың қосалқы қызметі | 1-дағды: Құзыреті шегінде дайындық және қорытынды кезеңдерінде сот молекулярлық-генетикалық сараптамасын ( зерттеуін) жүргізу кезінде кіші медицина персоналының қосалқы қызметі | бактерицидтік қондырғылардың көмегімен жұмыс үй-жайларын, жұмыс беттерін зарарсыздандыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу;<br>3. Бөлу ережелеріне және зертхананың жұмыс аймақтарындағы жұмыс ерекшеліктеріне сәйкес материалдық объектілердің орнын ауыстыру және тасымалдауды антиконтамициялық іс-шараларды сақтай отырып жүргізу;<br>4. Орта медициналық персоналдың басшылығымен қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, кәдеге жаратуға дайындау жөніндегі жұмыстарға қатысу;<br>5. Қолданыстағы нұсқауларға сәйкес |

| | | |
|---|---|---|
| | | дезинфекциялық ерітінділерді дайындау;<br>6. Денсаулыққа ықтимал қауіпті жабдықтармен және заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы нормаларын, сондай-ақ санитариялық-гигиеналық режим мен эпидемиологиялық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау. |
| | | Білімі:<br>1. Өз еңбек құқықтарын білу, ішкі еңбек тәртібінің қағидалары, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптары;<br>2. Санитариялық-гигиеналық режим және эпидемиологиялық қауіпсіздік нормалары ( |

| | | |
|---|---|---|
| | | қорғаныш киімді пайдалану, жұқтырған (ықтимал жұқтырған) объектілермен жұмыс істеу, дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділерін дайындау);<br>3. Антиконтамициялық іс-шараларды сақтай отырып, жұмыстарды жүргізу тәртібі;<br>4. Қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтармен жұмыс істеу тәртібі;<br>5. Ішкі нормативтік құжаттар, функционалдық міндеттері. |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар | Командалық жұмыс<br>Дербестік<br>Жауапкершілік<br>Оқытылуға қабілеттілік<br>Тәртіптілік<br>Стреске төзімділік | |
| Талаптар белгіленетін техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімдері | – | |
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптің атауы |
| | 6 | Сарапшы, дәрігер/маман сот-медициналық сарапшысы |

## 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

13. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Орындаушы: А.М. Сашкен, a.sashken@adilet.gov.kz, 74-06-58.

14. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар):

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орындаушы: Г.Ж. Ертаева, expert@cse.kz, 54-10-05.

15. Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңес: 2023 жылғы 14 қарашадағы №2 хаттама.

16. Кәсіптік біліктілік бойынша ұлттық орган: 2023 жылғы 11 қарашадағы қорытынды.

17. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 2023 жылғы 9 қазан.

18. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 1-нұсқа, 2024 жыл.

19. Бағдарлы қайта қарау күні: 2027 жылғы 4 қаңтар.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2024 жылғы 23 қаңтардағы
№ 60 бұйрығына
7-қосымша

## "Сот портреттік сараптамасы" кәсіптік стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес "Сот портреттік сараптамасы" кәсіптік стандарты әзірленді, ол құжаттардың сот сараптамасын жүргізу жөніндегі сот сарапшысының біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған және сот-сараптама қызметі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) жазба – қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтерді қамтитын құжат немесе жүзеге асырылған қызметтің расталуы (верификацияның, ескертуші және түзетуші әрекеттердің жүргізілуінің куәлігін ұсыну және қадағалауын рәсімдеу үшін);

4) сот портреттік сараптамасының мәні – жеке тұлғаны жеке тұлғаны сәйкестендіру мақсатында объективті материалдық тасымалдағыштарда түсіріліп алынған сыртқы

келбет белгілерін зерттеу кезінде арнайы ғылыми білімдер негізінде анықталатын нақты деректер;

5) сот портреттік сараптамасының объектісі – портреттік ақпараттың әртүрлі объективті материалдық тасымалдағыштарында түсіріліп алынған адамның сыртқы келбетінің бейнелері.

3. Осы кәсіптік стандартта мынандай қысқартулар қолданылады:

БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-Біліктілік анықтамалығы;

БА – Біліктілік анықтамалығы;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

## 2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Сот портреттік сараптамасы".

5. Кәсіптік стандарт коды: O84230.

6. ЭҚЖЖ сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

O – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

84 – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

842 – Мемлекеттің жалпы қоғамға қызмет көрсетуі;

8423 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет;

84230 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: осы стандарт "Сот портреттік сараптамасы" түрі бойынша біліктілік куәлігін алуға үміткер-сарапшыларға және сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігі бар сарапшыларға, оның ішінде лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғаларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ сот сараптамасы органының бөлім/бөлімше, сектор басшысына қойылатын талаптарды сипаттайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

1) бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

2) сот сарапшылары – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі.

## 3-тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. "Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)" кәсіптік карточкасы | |
|---|---|
| Топтың коды | 1329-1 |
| Қызметтер атауының коды | 1329-1-028 |
| Кәсіп атауы | Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) |
| | |

| | | |
|---|---|---|
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 6 | |
| СБШ бойынша кіші деңгей | – | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – | |
| Кәсіптік білім деңгейі (мамандық) | Жоғары білім (6В042 құқық (құқықтану), 6В123 қоғамдық қауіпсіздік (құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасында криминалистика және/немесе сот сараптама пәні болған жағдайда), 6В073 сәулет және құрылыс (сәулет), 6В014 жалпы дамыту пәніне мамандандырылған мұғалімдерді даярлау (бейнелеу өнері және сызу), 6В021 көркемөнер (кескіндеме, графика) | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бөлім/бөлімше басшысы<br>сектор басшысы | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Сот портреттік сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және еңбек функцияларын жүйелі және құрылымдық сипаттау және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Бөлімшенің жұмысына басшылық ету; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | 1-дағды:<br>Бөлімшенің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлеу | Машықтар:<br>1. Бөлімшенің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жұмыс жоспарларын қалыптастыру, олардың орындалуын іске асыруға бақылауды жүзеге асыру;<br>2. Бөлімшенің мақсаттарын және оның осы мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштерін айқындау;<br>3. Бөлімше қызметіндегі негізгі тәуекелдерді және оларды жою немесе азайту әдістерін айқындау;<br>4. Бөлімше процестері тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін айқындау;<br>5. Өндірістік есептерді қалыптастыру. |
| | | Білімі:<br>1. Ұйымның стратегиясы/саясаты, мақсаттары, даму жоспарлары және басқа да нормативтік құқықтық құжаттары;<br>2. Менеджмент, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұйымдастырушылық даму саласындағы теориялық және практикалық білім;<br>3. Жоспарлау және әкімшілендіру негіздері;<br>4. Сараптамаларды жүргізу туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері. |
| 1-еңбек функциясы: | 2-дағды:<br>Бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету | Машықтар:<br>1. Персоналдың жұмысына басшылық жасау, міндеттерді қалыптастыру және олардың орындалуын қадағалау;<br>2. Өз құзыреті шегінде ұйымның басқа бөлімшелерімен және өзге де ұйымдардың өкілдерімен бөлімшенің тиімді өзара іс-қимылын жүзеге асыру;<br>3. Бөлімшенің материалдық-техникалық ресурстарға деген қажеттілігін айқындау бойынша талдау жүргізу. Зертхананы материалдық-техникалық жабдықтау мен жарақтандыруға өтінімдер жасау және ресімдеу;<br>4. Персонал қызметінің тиімділігін талдау және бағалау, орындалған жұмыс нәтижелері бойынша бағыныстыларға кері байланыс ұсыну;<br>6. Қызметкерлерді тиімді ынталандыру жүйесін әзірлеу. Жанжалды жағдайлардың алдын алу;<br>7. Бөлімшенің персоналға қажеттілігін айқындау, сондай-ақ олардың кәсіптік деңгейін ескере отырып, персоналды іріктеуді жүзеге асыру. Жаңадан қабылданған персоналды бейімдеу бойынша іс-шаралар әзірлеу;<br>8. Сот сараптамасы органы басшысының қарауына қызметкерлерді тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы ұсынымдар, оларды көтермелеу туралы немесе оларға жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізу;<br>9. Персоналды даярлауды, біліктілігін арттыруды іске асыруды қамтамасыз ету;<br>10. Бөлімше ресурстарын ұтымды пайдалануды, жабдықтар мен аспаптардың сақталуы мен жұмыс жағдайын қамтамасыз ету;<br>11. Нұсқамалықты өткізуді ұйымдастыру, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар жөніндегі нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормалардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру. |

| | | |
|---|---|---|
| Бөлімше жұмысына басшылық ету | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері ;<br>3. Еңбекті ұйымдастырудың нысандары мен әдістері;<br>4. Адами ресурстарды басқару, персоналды оқыту және дамыту тетіктері;<br>5. Персоналдың қызметін бағалау әдістері , қызметкерлерді ынталандырудың, олардың қатысу деңгейін арттырудың әдістері мен тетіктері;<br>6. Еңбекті ұйымдастырудың және басқарудың, еңбек заңнамасының негіздері; ішкі еңбек тәртібі қағидалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың, өндірістік санитарияның, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің талаптары;<br>7. Тауарлық-материалдық құндылықтардың кірісін бақылау, оларды есепке алу және есептен шығару тәртібі;<br>8. Пайдаланылатын техникалық құралдарды пайдалану және оларға қызмет көрсету қағидалары. |
| | 3-дағды:<br>Бөлімше жұмыстарының орындалу барысын бақылау | Машықтар:<br>1. Жұмыс жоспар-кестелерінің орындалуын бақылау;<br>2. Құрал-сайманнның, аппаратура мен жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын, реактивтердің ұтымды қолданылуын ( егер олар қолданылса), персоналдың қауіпсіздік техникасын сақтауын бақылау ;<br>3. Сараптаманы жүргізу сапасын ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру;<br>4. Сараптамалық қорытындыны сарапшының тәуелсіздігі қағидатын сақтай отырып, жүргізілген зерттеудің толықтығын, тұжырымдардың ғылыми негізділігін, алынған нәтижелердің дұрыстығын және сараптамалық қорытындыны ресімдеу сапасын тексеру;<br>5. Персоналдың лауазымдық міндеттерін, оның ішінде сот сараптамасы саласындағы әдеп қағидаттарын, ақпараттың құпиялылығын орындауын бақылауды жүзеге асыру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 6. Сарапшының қорытындыларын ішкі және сыртқы рецензиялау процесіне қатысу;<br>7. Сараптамалық қателіктердің алдын алуды жүргізу;<br>8. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Бөлімшеде қолданылатын жабдықтар мен аппаратураларды пайдаланудың негізгі технологиялық процестері мен ерекшеліктері;<br>2. Сот-сараптамалық зерттеулер өндірісінің сапасын бақылауды ұйымдастыру қағидаттары;<br>3. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері ;<br>4. Құпия қызметтік ақпаратты қорғау талаптары. |
| 2-еңбек функциясы:<br>Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | 1-дағды:<br>Сот сараптамаларын жүргізу бойынша сараптамаларды тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптама тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есеп ұсыну;<br>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптама құнын есептеу жөніндегі тарифтер мен әдістер. |
| | 2-дағды:<br>Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу;<br>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері;<br>3. Сот экспертологиясы және криминалистика негіздері. |
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу | Машықтар:<br>1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, сот портреттік сараптамасын дамытудың ағымдағы жай-күйі мен перспективаларын зерделеу және талдау;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;<br>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау .<br>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;<br>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;<br>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;<br>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілетін сынақтардың нәтижелерін талдау;<br>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;<br>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;<br>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;<br>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;<br>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;<br>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды айқындау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ |

| | | |
|---|---|---|
| | | сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамасы;<br>3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жарияланымдар нәтижелерінің мазмұнына және ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;<br>4. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары;<br>5. Ғылыми зерттеулер жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау бойынша әдістемелік материалдар. |
| 1-ші қосымша еңбек функциясы:<br>Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу | Машықтар:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігі мен олардың салдарына талдау жасау;<br>2. Сот-сараптама қызметі нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;<br>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгеріс енгізу тәртібі, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді ресімдеудің тәртібі. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот портреттік сараптамасын жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді даярлауға, осы бағыттағы сот сарапшыларының біліктілігін арттыруға қатысу; |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-дағды:<br>Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу | 2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;<br>3. Кадрларды даярлаудың, біліктілікті арттырудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеуге қатысу;<br>4. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;<br>5. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу;<br>6. Оқыту нәтижелерінің көрсеткіштерін және оның тиімділігін талдауды жүзеге асыру. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;<br>3. Баяндамалардың, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;<br>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;<br>5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;<br>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары;<br>7. Оқыту шығындарын қаржыландыру тәртібі;<br>8. Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі есептілікті жасау тәртібі. |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар | Ұжымды басқару<br>Топтық жұмыс<br>Көшбасшылық қасиеттер<br>Стратегиялық және жүйелі ойлау<br>Нәтижеге бағдары/немесе сапаға бағдары<br>Тиімді коммуникация дағдылары<br>Тұрақты өзін-өзі дамыту<br>Инновативтік | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі | – | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| СБШ шеңберіндегі басқа кәсіптермен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптің атауы |
| | 7 | Басшы/басшының орынбасары |

| | | |
|---|---|---|
| 10. "Сот сарапшылары" кәсіптік карточкасы | | |
| Топтың коды | 2611-7 | |
| Қызметтер атауының коды | 2611-7-002 | |
| Кәсіп атауы | Сот сарапшылары | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 6 | |
| СБШ бойынша кіші деңгей | – | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – | |
| Кәсіптік білім деңгейі (мамандық) | Жоғары білім (6В042 құқық (құқықтану), 6В123 қоғамдық қауіпсіздік (құқық қорғау қызметі білім беру бағдарламасында криминалистика және/немесе сот сараптама пәні болған жағдайда), 6В073 сәулет және құрылыс (сәулет), 6В014 жалпы дамыту пәніне мамандандырылған мұғалімдерді даярлау ( бейнелеу өнері және сызу), 6В021 көркемөнер (кескіндеме, графика) | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бас сарапшы<br>жетекші сарапшы<br>аға сарапшы<br>"Сот портреттік сараптамасы" мамандығы бойынша лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлға | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Сот портреттік сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау. | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. "Сот портреттік сараптамасы" мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | | Машықтар: |

| | | |
|---|---|---|
| | 1-дағды:<br>Келіп түскен сараптама/зерттеу объектілерін және іс материалдарын қабылдау және қарап-шығу | 1. Ұсынылған объектілердің, олардың санының сараптама тағайындау туралы қаулыда (ұйғарымда) көрсетілген тізбеге сәйкестігін тексеру;<br>2. Сараптама/зерттеу объектілерінің бүліну, түрінің өзгеруін, ауыстырылу мүмкіндігін болдырмайтын және сақтау мен тасымалдау кезінде белгілері мен қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін олардың қаптамасының бүтіндігін тексеру;<br>3. Зерттеу объектісі туралы мәліметтерді толтырудың дұрыстығы мен жеткіліктілігін тексеру;<br>4. Зерттеуге түскен материалдар мен объектілерді тексеру актісін ресімдеу;<br>5. Сот сараптамасы объектілерінің бастапқы белгілері мен қасиеттерінің сақталуы және сараптама объектілерін сақтау мен қайтару қағидаларын сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі |

| | | |
|---|---|---|
| | | саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптамалық зерттеуге ұсынылған заттай дәлелдемелер мен объектілерді алу, буып-түю, жолдау, тасымалдау тәртібі. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот портреттік сараптамасының мәнін, объектісі мен міндеттерін айқындау;<br>2. Ұсынылған материалдар мен зерттеу объектілерін зерделеу және сараптаманың шешуіне қойылған мәселелер бойынша олардың қорытынды беру үшін жарамдылығы мен жеткіліктілігін бағалау;<br>3. Сот портреттік сараптамасының объектілерін олардың ерекшеліктерін ескере отырып сипаттау;<br>4. Сот сараптамасын (зерттеуін) жүргізу жоспарын жасау және сараптамалық зерттеудің міндеттерін, бастапқы деректерді ескере отырып, сараптамалық іс-қимылдардың дәйектілігін айқындау;<br>5. Сот-сараптамалық зерттеудің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы (зерттеуі) материалдары мен объектілерін зерделеу | әдістемелерін және/немесе әдістерін таңдау;<br>6. Сараптаманы тағайындаған органға қолдаухат ресімдеу;<br>7. Сараптама объектілерін тіркеу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдану;<br>8. Жазбаларды рәсімдеу. |
| | | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2 . Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері, сот портреттік сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер;<br>4. Сот портреттік сараптамасының объектілері және олардың түрлері;<br>5. Сыртқы көрініс элементтерінің белгілері, оларды жүйелеу негіздері;<br>6. Сот портреттік сараптамасын тағайындау кезінде материалдарды дайындау мен ресімдеудің негізгі ережелері;<br>7. Сараптамалық және арнайы зерттеулерді |

| | | |
|---|---|---|
| | | тағайындау мен жүргізу тәртібіндегі айырмашылықтар. |
| 1-еңбек функциясы: "Сот портреттік сараптамасы" мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу | | Машықтар:<br>1. Сот портреттік сараптамасының әдістемелеріне және /немесе әдісіне сәйкес сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу;<br>2. Құрал-сайманды, аспаптар мен жабдықты дұрыс пайдалану;<br>3 Зерттеу жүргізу кезінде өндірістік орта жағдайларын ( температураны, ылғалдылықты) бақылау;<br>4 . Сот-сараптамалық зерттеулердің сапасын бақылауға қатысу;<br>5. Жазбаларды жүргізу және рәсімдеу;<br>7. Санитариялық нормалар мен ережелердің талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды сақтау. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2 . Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері; |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-дағды:<br>Сот-сараптамалық зерттеуді жүргізу | 3. Сот портреттік сараптамасының процестік және ұйымдастырушылық негіздері;<br>4 . Сот-сараптамалық зерттеудің кезеңдері;<br>5. Адамның сыртқы келбетінің белгілерін жүйелеу негіздері. Адамның сыртқы келбетінің жалпы және ерекше белгілері;<br>6. Құрал-сайманды, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану тәртібі;<br>7 . Сот сараптамаларын/ зерттеулерін жүргізу барысында объектілерді тіркеуге және зерттеуге арналған ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер, сот фотосуретінің, бейнетүсірілімнің, фотокестелерді, сызбаларды жасау тәртібі;<br>8. Зерттеу жүргізу кезіндегі өндірістік орта жағдайлары ( температура, ылғалдылық);<br>9. Жазбаларды жүргізу тәртібі;<br>10. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі нұсқаулары, ережелері мен нормалары, сондай-ақ |

| | | |
|---|---|---|
| | | санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;<br>11. Ішкі нормативтік құжаттар, лауазымдық міндеттер. |
| | 4-дағды:<br>Сот сараптамасы (зерттеуі) нәтижелерін түсіндіру/өңдеу | Машықтар:<br>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес зерттеу нәтижелеріне талдау, бағалау және өңдеу жүргізу;<br>2. Зерттеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалауды жүргізу;<br>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерін түсіндіру/өңдеу және тұжырымдарды қалыптастыру;<br>4. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу бойынша жазбаларды жүргізу және ресімдеу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері;<br>2. Өлшеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалаудың жалпы ережелері;<br>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерінің анықтығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген |

| | | |
|---|---|---|
| | | тәсілдері мен критерийлері;<br>4 . Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндіру тәртібі мен ережелері;<br>5. Зерттеулер нәтижелері есептерінің жазбаларын жүргізу, талдау, бағалау және өңдеу тәртібі. |
| | 5-дағды:<br>Сарапшының (маманның) қорытындысын ресімдеу | Машықтар:<br>1. Сарапшының (маманның) қорытындысын немесе қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаны ресімдеу;<br>2. Бақылау өндірісінің материалдарын қалыптастыру. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сарапшы қорытындысын, оның құрылымдық (кіріспе, зерттеу, синтездеу, тұжырымдар) бөліктерін жасау тәртібі. Сарапшы қорытындысы тұжырымдарының нысандары;<br>3. Құжаттауды, архивтеуді білу. |
| | | Машықтар:<br>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған |

| | | |
|---|---|---|
| | | шығыстар сметасын жасау және сараптаманы тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығындар туралы есеп ұсыну;<br>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман/ сарапшы ретінде қатысу. |
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамаларын жүргізу бойынша сараптамаларды тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сараптама құнын есептеу бойынша тарифтер мен әдістер.<br>3. Сот сарапшысының процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу нысандары. |
| 2-еңбек функциясы:<br>Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл | | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу.;<br>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын |

| | | |
|---|---|---|
| | 2-дағды:<br>сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру | органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу. |
| | | Білімі:<br>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот экспертологиясы және криминалистика негіздері;<br>3. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері. |
| | | Машықтар:<br>1. Технологиялардың, ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, сот портреттік сараптамасының қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау;<br>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;<br>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу | 4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау;<br>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;<br>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;<br>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;<br>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілген сынақтардың нәтижелерін талдау;<br>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;<br>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;<br>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері | |

| | | |
|---|---|---|
| | | бойынша есептер дайындау;<br>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;<br>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;<br>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу. |
| | | Білімі:<br>1 Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;<br>3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау әдіснамасы;<br>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны мен нәтижелерін ресімдеуге |

| | | |
|---|---|---|
| 1-қосымша еңбек функциясы.<br>Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу | | қойылатын үлгілік талаптар;<br>5 . Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары. |
| | 2-дағды:<br>Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу | Машықтар:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігіне және олардың салдарына талдау жасау;<br>2. Сот-сараптама қызметі нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;<br>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу. |
| | | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы |

| | | |
|---|---|---|
| | | заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;<br>2. "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;<br>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу тәртібі, сондай-ақ оларды ресімдеуге қойылатын талаптар . |
| | | Машықтар:<br>1. Сот сараптамаларын ( зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді кәсіптік даярлауға, сот сарапшыларын даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу;<br>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;<br>3. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;<br>4. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу. |
| | 3-дағды:<br>Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға қатысу | Білімі:<br>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;<br>3. Баяндамалардың, семинарлардың және практикалық сабақтардың жоспарларын құру тәртібі;<br>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;<br>5. Сот сарапшыларын даярлау және біліктілігін арттыру мәселелері бойынша әдістемелік материалдар;<br>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары. |
| Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар | Командалық жұмыс<br>Аналитикалық және жүйелік ойлау<br>Стресске төзімділік<br>Сапаға бағдары<br>Шешім қабылдау кезіндегі дербестік<br>Тиімді коммуникация дағдылары<br>Тұрақты өзін-өзі дамыту | |
| Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі | | |
| СБШ шеңберінде басқа мамандықтармен байланысы | СБШ деңгейі | Кәсіптің атауы |
| | 6 | Бөлім/бөлімше, сектор басшысы |
| | 7 | Басшы/басшының орынбасары |

## 4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

13. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Орындаушы: А.М. Сашкен, a.sashken@adilet.gov.kz, 74-06-58.

14. Әзірлеуге қатысқан ұйымдар (кәсіпорындар):

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орындаушы: Г.Ж. Ертаева, expert@cse.kz, 54-10-05.

15. Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіптік біліктілік бойынша салалық кеңес: 2023 жылғы 12 желтоқсандағы №3 хаттамасы.

16. Кәсіптік біліктілік бойынша ұлттық орган: 2023 жылғы 13 желтоқсандағы қорытынды.

17. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 2023 жылғы 18 қазан.

18. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: 1-нұсқа, 2024 жыл.

19. Бағдарлы қайта қарау күні: 2027 жылғы 4 қаңтар.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2024 жылғы 23 қаңтардағы
№ 60 бұйрығына
8-қосымша

## "Сот бейнефонографиялық сараптамасы" кәсіптік стандарты

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес "Сот бейнефонографиялық сараптамасы" кәсіптік стандарты әзірленді, ол сот бейнефонографиялық сараптамасын жүргізу жөніндегі сот сарапшысының біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған және сот-сараптама қызметі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) сот бейнефонографиялық сараптамасының объектісі – магниттік немесе әртүрлі тасымалдағыштарда, сондай-ақ дыбыс жазу құралдарында тіркелген сөздік және дыбыстық ақпарат;

4) сот бейнефонографиялық сараптамасының мәні – арнайы жазба құралдарының көмегімен әртүрлі тасымалдағыштарда тіркелген дыбыстық ақпаратты зерттеу негізінде анықталатын нақты деректер, сөйлеу акустикасы, лингвистикалық,

физика-математикалық, ақпараттық және сөйлеу технологиялары саласындағы арнайы ғылыми білімдер кешенін пайдалана отырып жағдайларын, құралдарын, материалдары мен дыбыс жазу іздерін анықтау;

5) файл – бағдарламадан тыс сыртқы жадыда орналасатын және бағдарламаға арнайы операциялар арқылы қолжетімді болатын деректер түрінде нақты бағдарламада толық сипатталған даналардың сәйкестендірілген жиынтығы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

БА – Біліктілік анықтамалығы;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

## 2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Сот бейнефонографиялық сараптамасы".

5. Кәсіптік стандарттың коды: 084230

6. ЭҚЖЖ сәйкес секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

О – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

84 – Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру;

842 – Мемлекеттің жалпы қоғамға қызмет көрсетуі;

8423 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет;

84230 – Әділет және сот төрелігі саласындағы қызмет.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: осы стандарт "Сот бейнефонографиялық сараптамасы. Дауысты және дыбысталған сөздерді спектральді ( аспаптық) зерттеу" және "Сот бейнефонографиялық сараптамасы. Дауыс және дыбысталған сөздерді аудитивтік және лингвистикалық зерттеу" түрлері бойынша сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігі бар сарапшылардың , оның ішінде лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғалардың біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды, сондай-ақ сот сараптамасы органының бөлім/ бөлімше сектор басшысының біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды сипаттайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізбесі:

1) бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі;

2) сот сарапшылары – СБШ бойынша 6 біліктілік деңгейі.

## 3 - тарау. Кәсіптер карточкалары

| 9. "Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)" кәсіптік карточкасы | | |
|---|---|---|
| Топтың коды | 1329-1-028 | |
| Қызметтер атауының коды | 2611-7-002 | |
| Кәсіп атауы | Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 6 | |
| СБШ бойынша кіші деңгейі | – | |
| БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі | – | |
| Кәсіптік білім деңгейі (мамандық) | Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу. Дауысты және дыбысталған сөздерді спектральді (аспаптық) зерттеу мамандығы бойынша: жоғары білім ( 6B053 физикалық және химиялық ғылымдар (физика, техникалық физика), 6B015 жаратылыстану пәндері (математика, информатика, математика-физика, математика-информатика, физика-информатика) бойынша мұғалімдерді даярлау, 6B061 ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (информатика, информациялық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету), 6B062 телекоммуникациялар (радиотехника, электроника және телекоммуникациялар), 6B063 ақпараттық қауіпсіздік (ақпараттық қауіпсіздік жүйелері).<br>Сот-сараптамалық бейнефонографиялық зерттеу. Дауыс және дыбысталған сөздерді аудитивтік және лингвистикалық зерттеу мамандығы бойынша: жоғары білім (6B023 тілдер және әдебиет (филология) | |
| Формалды емес және информалды біліммен байланыс | Қажет етілмейді | |
| Кәсіптердің басқа ықтимал атаулары | Бөлім/бөлімше басшысы<br>сектор басшысы | |
| Қызметтің негізгі мақсаты | Сот бейнефонографиялық сараптамасын жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық сипаттау | |
| Еңбек функцияларының тізбесі | Міндетті еңбек функциялары: | 1. Бөлімше жұмысына басшылық ету; |
| | | 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл. |
| | Қосымша еңбек функциялары: | 1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу. |
| Еңбек функцияларының сипаттамасы | | |
| | | Машықтар: |

| | | |
|---|---|---|
| | 1-дағды:<br>Бөлімшенің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлеу | 1. Бөлімшенің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жұмыс жоспарларын қалыптастыру, олардың орындалуын іске асыруға бақылауды жүзеге асыру;<br>2. Бөлімшенің мақсаттарын және оның осы мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштерін айқындау;<br>3. Бөлімше қызметіндегі негізгі тәуекелдерді және оларды жою немесе азайту әдістерін айқындау;<br>4. Бөлімше процестерінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін айқындау ;<br>5. Өндірістік есептерді қалыптастыру. |
| | | Білімі:<br>1. Ұйымның стратегиясы/саясаты, мақсаттары, даму жоспарлары және басқа да нормативтік құқықтық құжаттары;<br>2. Менеджмент, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, ұйымдастырушылық даму саласындағы теориялық және практикалық білімдер;<br>3. Жоспарлау және әкімшілендіру негіздері;<br>4. Сараптама жүргізу туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері. |
